Жайсаң едің, асыл едің жан әке,
Парасатты терең ойлы кемелді.
Аянбастан қызмет қылдың ел үшін,
Алға тартып Бешім атаң өрісін...

Шаңырағымызға түскен ауыр қайғымызға ортақтасып, бас сүйеген ағайын-туыс, құда-жекжат, нағашы-жиен, дос-жаран, көрші-көлем, ұжымдастар мен әкеміздің көзін көрген барша жамағатқа алғысымызды білдіре отырып, Қазақстан мұнай-газ саласының еңбегі сіңген қызметкері, Жылыой, Мақат аудандарының Құрметті азаматы, немере-шөбере, жиендерінің сүйікті атасы

**Бешімов Наурызғали Ердаулетұлының**

40 күндік қадесі 22 наурыз күні сағат 11.00-де өтетінін хабарлаймыз.

**Өтетін орны: Құлсары қаласы, «Қымбатжан» мейрамханасы**

**Хабарлаушы: Балалары, Бешімовтер әулеті**



Қимас бауыр, аяулы жар, қымбатты әкеміз **Есенғазиев Ислам Өтегенұлының** өмірден өткеніне ширек ғасыр толыпты. Өмірінің 45-жазын көре алмай кеткен асыл әкеміздің көзі тірі болса, 70 жасын тойлар едік-ау! Мәңгі жасайтын пенде жоқ. Сұм ажал кімді аяған дейсің! Орнында бар, оңалар. Қаршадайынан әкесіз қалған үш балапаның бүгінде сол өзіңнің қыршын кеткен жасыңа таяп қалды, әке. Шүкір, анамыз бар ортамызда. Ағаларымыз қанатының астына алып, солардың қамқорлығын сезініп өстік. Екі ұлың екі үй болды. 5 немере-жиенің бар. Солардың «Ата» деп қасыңда шауып жүргенін анамызбен бірге көргенде ғой деген өксік кеудеде. Аққөңіл, баладай аңқылдаған, сабырлы қалпың мәңгілік жүрегімізде. Ұрпақтарың барда, өзің жаққан шырақ сөнбек емес. Мәңгілік мекенің жұмақ болсын, пейіште нұрың шалқысын, әке.

**Сағынышпен еске алушы: жұбайы Айкүміс, ұрпақтары, Есенғазиевтер әулеті**



# ЕСКЕ АЛУ

## Мәннап аға мәңгілігімен қауышты...

**Атырау өлкесінің, ауданымыздың айтулы перзенті, соғыс жылғы ұрпақтың лайықты өкілі, тыл ардагері, облыс экономикасының өркендеуіне қосқан үлесі мол, белгілі жерлесіміз Мәннап Меңдіғалиұлы ғұмырының 85-ке қараған шағында бақи дүниесіне көшті.**



Әкесі Сіргеліұлы Меңдіғали ТОЗ, артель басқарған, «Еңбекші», «Жаңа тұрмыс» колхоздарының басқарма төрағасы болған, аймаққа белгілі азамат еді.

Анасы Төлегенқызы Жәмилә азаматынан төрт баласымен қалып, колхоздың қара жұмысына өзін аянбай жеккен. Балаларының барлығына да жоғары білім алып берген қайсар жан.

Мәннап Меңдіғалиұлы ауданымыздағы Абай атындағы орта мектебінің түлегі. 1961-1964 жылдар аралығында Украина жерінде әскери борышын өтейді. 1958 жылы аудандық өңдеу стансасында слесарь болып еңбек жолын бастайды. 1964 жылы Шымкенттегі Қазақ химия-технологиялық институтына түсіп, күндіз оқып, кешке Шымкент облысының жаңадан ашылған телестудиясында диктор болып жұмыс жасайды. Терең білім алуы үшін Қазақ КСР Оқу министрлігіне қайта-қайта жазған арызы негізінде Ленинградтың технологиялық институтына ауыстырылып, жоғары білімді сол қаладан алады.

Еңбек жолдары: Қостанай облысының Жетіқара қаласындағы ет комбинатының бөлім бастығы (1969 ж.), 1974-1975 жылдары Гурьев (Атырау) ет комбинатының бас инженері, 1975-1981 жылдары директоры, 1978 жылы Мәскеудегі Плеханов институтын сырттай оқып бітіреді. 1981-1982 жылдары Гурьев қалалық кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1982-1987 жылдары Балықшы аудандық кеңесі атқару комитетінің төрағасы, 1987-1988 жылдары Гурьев облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, 1988-1990 жылдары Гурьев облыстық жергілікті өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі, 1991-1992 жылдары Гурьев облыстық экономикалық комитеті басқармасы бастығының сыртқы экономикалық байланыс жөніндегі орынбасары, 1992-1995 жылдары «КРАМДС-Атырау» корпорациясының президенті,1995-1996 жылдары Алматыдағы «Бәйтерек» акционерлік қоғамының президенті, 1996-2001 жылдары «Мұнай» ғылыми өндірістік орталығы акционерлік қоғамы көлік-шаруашылық басқармасының бастығы. 2001-2006 жылдары «Ақсай» нан-тоқаш комбинаты акционерлік қоғамының басқарма бастығы, 2006-2010 жылдары «Электр жүйелерін басқару жөніндегі Қазақстан ұлттық компаниясының Алматы жүйеаралық электр тораптары» филиалының аға инженері.

Өмір жолында басқару жүйесінде абыройлы болып, жақсыдан дос, жаттан жақын тапты. Сағидолла Құбашев, Зақаш Қамалиденов, Жұмабек Тәшенов, Жәрдем Кейкин, Айтан Зияев, Әріпбай Алыбаевпен үлкен сыйластықта, достық қарым-қатынаста жүреді.

Атырау облысының басшылары Саламат Мұқашев, Оңайбай Көшеков, Есен Тасқынбаев, Бақтыгерей Ахметқалиев, Мусабай Сағынбаев, Асқар Құлыбаев, Маркен Шайжүнісов, Равиль Шырдабаев, Құмар Темірташев, Мелләт Сабырова, Әнес Бисенов, Мұрат Өтешов, Бөлекбай Сағынғалиев, Салтанат Балғымбаев, Бақтықожа Ізмұхамбетов, Беркін Ізтелеуов, т.б. азаматтармен бір командада достық қарым-қатынаста әртүрлі басшылық қызметтерді абыройлы атқарды.

Отбасында үлгілі, абыройлы әке бола білді, барлық балалары жоғары білімді, лайықты қызметтерде. Ханипа жұбайымен, бірге ағайын-туыстар, дос-жолдастары арасында үлкен сыйластықта ғұмыр кешті.

«Аталар сөзі – ақылдың көзі», «Алғашқы көшбасшы», «Өмір өткелдері» т.б. кітаптардың авторы. Қазақстанның Құрметті қажысы. Құрманғазы ауданының және Атырау облысының Құрметті азаматы. Бірнеше мемлекеттік медальдар мен грамоталардың иегері. Атырау, Алматы қалаларында қоғамдық қызметтерді де білгірлікпен атқарды.

Мінезі жайдары, өте мейірімді, кішіпейіл, аққөңіл, үлкен-кішімен сыйласа білген, қиналғанға қол ұшын беруді өзіне биік парыз санаған қайраткер азамат Мәннап Меңдіғалиұлының жарқын бейнесі оны білетін облыс, аудан жұртшылығының есінде ұзақ уақыт бойы сақталады.

Қырық күндік қадесі інілері, қарындастары, бауырларының ұйымдастыруымен Құрманғазы ауданының «Алтын Отау» тойханасында наурыздың 27 күні өткізіліп, дұға сол жерде оқылып, ас беріледі.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**жылу энергиясын беру, бөлу және өткізу бойынша реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифтің шекті деңгейі туралы**

«Атырау жылу жүйелері» ЖШС Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің «25» ақпан 2026 жылғы №6-НҚ бұйрығына сәйкес хабарлайды, 2026 жылғы 1 сәуірінен бастап жылу энергиясын беру, бөлу және өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тарифтер:

**Жеке тұлғалар үшін** өзгеріссіз қалады және ұлғайтуға жатпайды. Жеке тұлғаларға тұтынылған жылу энергиясы үшін есептеулер 2026 жылғы I тоқсанда бекітілген тарифтер бойынша жүргізілетін болады.

**Басқа тұтынушылар үшін** орташа өткізу тарифі 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз) 29 511,57 теңгені құрайды, оның ішінде:

- жылу энергиясын есептеу аспаптары бар тұтынушылар үшін – 27 131,38 теңге 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз);
- жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін – 44 398,58 теңге1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз);
- ескі, авариялық үй-жайларда, барак үлгісіндегі үйлерде тұратын және орналасқан тұтынушылар үшін – 29 599,05 теңге 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз);
- суды жылыту үшін – 29 599,05 теңге 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз).

**Бюджеттік мемемелер үшін** орташа өткізу тарифі 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз) 114 828,56 теңгені құрайды, оның ішінде:

- жылу энергиясын есептеу аспаптары бар тұтынушылар үшін – 106 846,62 теңге 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз);
- жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін – 164 588,69 теңге 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз);
- ескі, авариялық үй-жайларда, барак үлгісіндегі үйлерде тұратын және орналасқан тұтынушылар үшін – 113 402,56 теңге 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз);
- суды жылыту үшін – 113 402,56 теңге 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз).

«ҚазТрансОйл» АҚ 06.04.2026 жылдан бастап 5 жұмыс күні ішінде Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, «ҚазТрансОйл» АҚ ҚМКБ, өнеркәсіптік аймағы «ҚМКБ. ӨҚБ өндірістік корпусин күрделі жөндеу» ҚОҚ бөлім жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Ескертулер мен ұсыныстарды беру үшін жобалық құжаттамамен https://ndbecology.gov.kz/ ақпараттық жүйесіндегі «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады. Бастамашы: «ҚазТрансОйл» АҚ, Астана қаласы, Тұран даңғылы, 20, e-mail: satzhan@kaztransoil.kz, тел. 8(71237)73249, 73207. Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ҚазТрансОйл» АҚ ЗӘО» филиалы, Ақтау қаласы, 22 шағынауданы, 10-ғимарат, e-mail: Kovaleva-N@kaztransoil.kz, тел. 8(7292)479391, 479698

## ХАБАРЛАНДЫРУ!

29 наурыз 2026 жылы сағат 11.00-де «Атыраумұнайгазгеология» бау-бақша қоғамының жиналысы болады.
Өтетін орны: Ақжар ауылы, Мәдениет үйі.
Ұялы тел.: 7 701 536 44 03.




## ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУ

**НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ**

2025 жылы 25 қыркүйекте қайтыс болған **Мусралиева Казизаның** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлердің Атырау нотариаттық аймағының нотариусы Шеккалиева Венера Айбулатовнаға хабарласулары сұралады. Нотариустың мекен-жайы: Атырау каласы, Балықшы ш.а., Қ.Ахмедияров көшесі, 30 а үй, тел.: +7 (775) 222-20-73. (ҚР ӘМ-мен 03.08.2006 жылы берілген №0000567 лицензиясы).

Атырау нотариаттық округінің нотариусы №15007793, ҚР ӘМ 27.04.2015 жылы берілген лицензиямен әрекет етуші Таспаев Бисенбай Избасович хабарлайды. 18.09.2025 жылы қайтыс болған **Жумашев Сапар Касымовичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор поселкесі, Ғалия Сүлейменова көшесі, 100 үй, байланыс телефоны: 87027420470.

17.05.1993 жылы туған, 24 қараша 2025 жылы қайтыс болған **Серік Іңкәр Серікқызының** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлердің Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Лайкова Лиза Жасталаповнаға хабарласулары сұралады. Мекен-жайымыз: Атырау қаласы, Құрманғазы көшесі, 8/5, байланыс телефоны: 8 702 500 28 76. Лицензия №18007980 санды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 20 сәуір 2018 жылы берілген.

2025 жылдың 18 желтоқсан айында қайтыс болған **Косшиева Гулайман Аманкосовнаның** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлердің Атырау нотариаттық аймағының нотариусы Шеккалиева Венера Айбулатовнаға хабарласулары сұралады, нотариустың мекен-жайы: Атырау каласы, Балықшы ш.а., Қ.Ахмедияров көшесі, 30 А үй, тел. +7 (775) 222-20-73. (ҚР ӘМ-мен 03.08.2006 жылы берілген №0000567 лицензиясы).

Нотариус Лукпанова Лаура Есмагзомовна хабарлайды: 2026 жылы 16 ақпанда қайтыс болған **Каракулов Базарбай Кудайбергеновичтің** атына мұралық іс ашылды Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы 74 үй, 15 кеңсеге - «Нотариус» орналасқан нотариалдық кеңсеге хабарласулары сұралады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеу қызметі құқықтық қызмет көрсету комитеті 23.12.2022 жылы берген №22025612 мемлекеттік лицензияны қолданушы Лукпанова Лаура Есмагзомовна. Анықтама тел.: 8 702 400 02 58.

2026 жылдың 1 наурыз айында қайтыс болған **Ли Сергей Григорьевичтің** атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін Атырау нотариаттық аймағының нотариусы Амандықова Ақмарал Амандыққызына, Атырау қаласы, Авангард-3 шағынауданы, 75 үйде орналасқан нотариустың кеңсесіне хабарласулары сұралады. Лицензия №17006758, 18.04.2017 ж. ҚР ӘМ.

Атырау облысының нотариусы Д.Б.Кушкенова хабарлайды: 29.01.2026 жылы қайтыс болған **Құлымжанов Қуаныш Өтебалыұлы** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат поселкесі, С.Бекжанов көшесі, 13 Б үй, 19 пәтер, байланыс телефоны: 8/71239/3-42-11. Лицензия №13000262, 14.01.2013 ж.

2026 жылдың 8 ақпан айында қайтыс болған **Имашева Бибигул Сауленбиевнаның** атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін Атырау нотариаттық аймағының нотариусы Амандықова Ақмарал Амандыққызына, Атырау қаласы, Авангард-3 шағынауданы, 75 үйде орналасқан нотариустың кеңсесіне хабарласулары сұралады. Лицензия №17006758, 18.04.2017 ж. ҚР ӘМ.

Атырау нотариаттық округінің нотариусы №15007793, ҚР ӘМ 27.04.2015 жылы берілген лицензиямен әрекет етуші Таспаев Бисенбай Избасович хабарлайды. 02.02.2026 жылы қайтыс болған **Кисанов Сагындык Салыховичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор поселкесі, Ғалия Сүлейменова көшесі, 100 үй, ұялы тел.: 87027420470.

Нотариус М.С.Сүлейменова хабарлайды: 21.07.2025 жылы қайтыс болған **Жумажанова Алма Нагидоллаевнаның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласуларын сұрайды. Исатай ауданы, Аққыстау селосы, Е.Қазақстан көшесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына, Телефон: 8 (71231) 2-06-82.

Лицензия №0002271. Берілген күні 12.12.2008 ж.

Нотариус М.С.Сүлейменова хабарлайды: 01.02.2026 жылы қайтыс болған **Нажимов Ерболат Гинаятовичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласуларын сұрайды. Исатай ауданы, Аққыстау селосы, Е.Қазақстан көшесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына. Телефон: 8 (71231) 2-06-82.

Лицензия №0002271. Берілген күні 12.12.2008 ж.

2025 жылы 13 карашада қайтыс болған **Кушкалиев Индербай Сембаевичтың,** (туған жылы 14.07.1954) барлық мұрагерлерін, мұраны қабылдау үшін жеке нотариус А.Т.Кенжебекке Атырау қаласы, Азаттық көшесі, 63 үй, 20 пәтер мекен-жайы бойынша хабарласулары сұралады. Ұялы тел.: 87013960704. Лицензия №19010672, 15.05.2019 ж. ҚР ӘМ

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 04.03.2026 жылы қайтыс болған **Сериков Базаргали Сабыргалиевичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңсесіне хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй. Тел.: 8-(71236)-2-13-04, 87784822044. 23 шілде 2002 жылы берген, лицензия №0001099.

Нотариус Г.Д.Масатова (лицензия №0000578) 2025 жылдың 18 мамырда қайтыс болған **Самиров Уразали Камиевичтың,** 30.06.1950 жылы туылған, мүлкіне мұралық іс ашылғандығын хабарлайды. Заң бойынша мұрагерлеріне Атырау қаласы, Сәтпаев көшесі, 18-17 офисқа хабарласуларын сұрайды. Телефон: 27-81-68, 87013287995.

Атырау нотариаттық округінің нотариусы №15007793, ҚР ӘМ 27.04.2015 жылы берілген лицензиямен әрекет етуші Таспаев Бисенбай Избасович хабарлайды. 17.12.2024 жылы қайтыс болған **Мендыбаев Сайфеден Мажитовичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор поселкесі, Ғалия Сүлейменова көшесі, 100 үй, ұялы тел.: 87027420470.

07.09.1941 жылы туған, 29 қаңтар 2026 жылы қайтыс болған **Екшембеев Асылбек Хабибуллаевичтің** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлерді Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Лайкова Лиза Жасталаповнаға хабарласулары сұралады. Мекен-жайымыз: Атырау қаласы, Құрманғазы көшесі, 8/5, ұялы тел.: 8 702 500 28 76. Лицензия №18007980 санды Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігімен 20 сәуір 2018 жылы берілген.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 08.02.2026 жылы қайтыс болған **Мусабаева Салиханың** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңсесіне хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй. Тел.: 8-(71236)-2-13-04, 87784822044. 23 шілде 2002 жылы берген, лицензия №0001099.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 06.02.2026 жылы қайтыс болған **Саматова Аминаның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңсесіне хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй. Тел.: 8-(71236)-2-13-04, 87784822044. 23 шілде 2002 жылы берген, лицензия №0001099.

**Атырау**

**Газет 1923 жылғы сәуірдің 1-нен шыға бастады**

МЕНШІК ИЕСІ:
**«АТЫРАУ-АҚПАРАТ» ЖШС**

Бас директор
**Нұрболат ЕЛЕУСІНОВ**

Бас редактор **Назарбек ҚОСШИЕВ**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі – 45-86-43.
Бас редактордың орынбасары – **А.Базарбаев**
Жауапты хатшы – **Д.Мұхамбеталиев**

«atr.kz» сайтының редакторы **– А.Құрмашева,**
тілші **– Т.Ермек**

Арнаулы тілші – **М.Қуанышева,**
экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері:
шолушы – **А.Сабырова,** аға тілші – **Д.Аруев,**
қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени мәселелер:
шолушы – **Р.Өтеуғали,** экология және құқықтық мәселелер:
шолушы – **А.Қабдол,** аға тілші – **М.Ерғали**

фототілші – **Е.Алтыбаев**
Корректорлар: **Э.Әбілқайырова, А.Шомажанова.**
Компьютер цехы:
бет құрушылар – **С.Рамазанова, А.Жолдыбаева.**
Іс жүргізуші: **Т.Тайтекова,** теруші: **К.Елеусінова**

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 22 желтоқсан күні қайта тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы **№KZ62VPY00084467** куәлігі берілген.
Басылым **«Құрмет белгісі»** орденімен,
республикалық **«Аманат»** сыйлығымен марапатталған.

**МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:**
060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29а үй.
**Электронды пошта:** e-mail: atyrau_gazeti@mail.ru

www.atyrau-akparat.kz

*Газет «Атырау» газетінің компьютер цехында теріліп, беттелді.
*«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды.
* Авторлар жарияланымындағы пікірлер редакцияның түпкілікті көзқарасы болып танылмайды. Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.

PR Мақалалар коммерциялық негізде басылды деген белгі.

Жарнамалар мен хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.

**Индексі:** 65424 Аптасына 1 рет шығады.
**ТАРАЛЫМЫ: 3604 дана**
**Нөмірдің кезекшілері:**
А.Сабырова,
А.Жолдыбаева, А.Шомажанова